

Б. Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің тәрбие саласы бойынша 2024-2025 оқу жылында атқарылған іс-шараларының мәтіндік есебі.

2024-2025 оқу жылының алғашқы оқу күнін 1-қыркүйек Білім күні мерекесіне орай, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, Алғашқы қоңырауға арналған **«Мектебім-мейірім мекені»** тақырыбында салтанатты жиын өтті. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы енгізіліп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранымен ашылды.

Мектеп табалдырығын жаңадан аттаған бүлдіршіндерімізді сынып жетекшілерімен қошаметтеп қарсы алды.

1 «А» сыныбын білім әлеміне Есқараева Сұлухан Еркебайқызы.

1 «Ә» сыныбын білім әлеміне Әзтай Перизат Саттарқызы.

1 «Б» сыныбын білім әлеміне Наумова Мария Алексеевна.

Мерекелік іс-шараны мектебіміздің директоры Е.Акбердиев ашып, өткен оқу жылының жетістіктеріне тоқталып, білім әлеміне қадам басқан 1-сынып оқушыларына сәттілік тіледі, жаңа оқу жылымен ұстаздарды, оқушыларды, ата-аналарды құттықтады.

Жиынға ауданымыздың құрметті азаматшасы, аяулы ардагер ұстазымыз мектебіміздің қамқоршылық кеңесінің төрайымы Зүлей Әлия Ізтілеуқызы, әкелер кеңесінің төрағасы Сахов Таңсықбай ағай мен ата-аналар комитетінің төрағасы Назарбеков Оразбай ағайлар қатысып, оқушыларды Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, бүгінгі ерекше жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен шығармашылық табыс тіледі.

Мектеп табалдырығын алғаш аттап отырған 1-ші сынып оқушылары тақпақтарын айтып, жұрттың қошеметіне бөленді. Мектептің өнерпаз оқушылары ән шырқап, музыкалық сәлемін жолдады. Алғашқы қоңырау соғу рәсімін мектебіміздің жас бүлдіршіндері алаңды айнала сылдыратып, барша қонақтарды айырықша әсем күйге бөлей кетті. Барша ұстаздар мен ата-аналарды және оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, биік белестерге, зор табыстарға жете берулеріне тілектестік білдіреміз.



6-қыркүйек күні мектебімізде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сай 5-қыркүйек Қазақстан халықтарының тілдер күні мерекесіне орай **«Ұлт ұстазы- Ахмет Байтұрсынұлы»** атты мерекелік жиын оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу мақсатында жоғарғы деңгейде ұйымдастырылып өткізілді.

Шара барысында Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өмірдерегіне қысқаша шолу жасалды. Оқушыларымыз ақын-жазушыларымыздың өлең жырларын мәнерлеп оқып, би билеп, ән шашуларын тарту етті. Атап айтар болсам Аралбай Көркемнің орындауында «Рух пен Тіл» әні, Сейдалы Рауанның орындауында «Үш бақытым» әні, мектебіміздің өнерлі жігіттері Әмір Дүйсенбекұлы мен Баратбай Ерсінің орындауындағы «Бір ел болса» әндері көпшіліктің көңілінен шықты.



06-қыркүйек күні мектеп өмірімен отбасы байланысын нығайту, ата-ананың бала тәрбиесіне деген көзқарасын қалыптастыру, бала тәрбиелеуде ата-ана рөлін арттыру, отбасында сыйластық, мейірімділік, татулық, адамгершілік сезім қалыптастыру. Ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды, адамгершілік пен имандылықты бойларына сіңіртіп, ұлтжандыққа баулып, өзінің тегін таныту мақсатында ата-аналар арасында **«Отбасы бақыт мекені»** атты байқау ұйымдастырылып өтті. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы, ардагер ұстазымыз байқауды ашып, қатысушы отбасыларға алғыс айтып, сәттілік тіледі.

Байқау төмендегі шарттар бойынша жүргізілді.

1. Өзін-өзі таныстыру
 2. «Отан отбасынан басталады» - қойылым (комедиялық, драмалық, әдеби- сазды)
 3. «Отбасымның таланттары» - отбасы мүшелерінің қол өнердегі, аспаздық, шығармашылық шеберлігін көрсету (байқау барысында дайындалып көрсетілуі тиіс)
- Барлық отбасы байқауға белсенді дайындықпен келгендерін көрсете білді. Бірінші кезеңі өзін-өзі таныстыру кезінде ерекшелігі сондай, бір-біріне ұқсамады. «Отан отбасынан басталады» тақырыбында салт-дәстүрлерімізді насихаттап, көріністерімен көпшілікті таң қалдырды. Өздерінің қолөнерлерін де ерекше көрсете білді. Байқаудың қорытындысы бойынша әділқазылар алқасының шешімімен
1. Есенбек отбасы I Орын иеленді.
 2. Таңжар отбасы жүлделі II Орынды иеленді
 3. Аманкелді отбасы мен Бекмағанбетовтер отбасы III орынды өзара бөлісті
- Мектеп әкімшілігі атынан алғыс хат пен сыйлықтар берілді.

19-қыркүйек күні мұғалімдердің – педагогикалық шеберліктерін жетілдіру және сынып жетекшілерінің шығармашылық әлеуетін іске асыру, сондай-ақ олардың әлеуметтік мәртебесін арттыру, тәрбие субъектілерінің құзырлығын дамыту мақсатында сынып жетекшілер арасында **«Үздік сынып жетекшісі-2024»** байқауы ұйымдастырылып өтті. Байқауға сынып жетекшілер жан-жақты дайындықпен қатысты. Мектеп директорының тәрбие ісінің орынбасары байқауды ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқау төмендегі шарттар бойынша жүргізілді.

1. «Мен сынып жетекшісімін» тақырыбында өзін-өзі таныстыру-3 минут
2. Бейнеролик форматында шығармашылық сынып сағатын көрсету
3. Ата-аналармен өзара іс-қимыл жүйесін ұсыну
4. Өз жобаларын қорғай отырып, педагогикалық қызметте әртүрлі жағдайларға талдау жасау.

Әділ қазылар алқасының құрамы төмендегідей көпшілікке таныстырылды.

1. Байқоңырова Айгүл Ахметқызы тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, әділ қазылар алқасының төрайымы
2. Бердібекова Гаухар Тоқсанбайқызы бейіндік ісі жөніндегі орынбасары
3. Қалиева Жанат мектеп психологы әділ қазы мүшелері

Барлық сынып жетекшілер байқауға сақадай-сай дайындықпен келгендерін көрсете білді. Бірінші кезеңі өзін-өзі таныстыру кезінде ерекшелігі сондай, бір-біріне ұқсамады. Кәсіби шығармашылық жұмыстарын ортаға салып, инновациялық және шығармашылық идеяларын көрсете білді. Байқаудың қорытындысы бойынша әділқазылар алқасының шешімімен

Бас жүлде Шерехданова Кристина 4 «Ә» сыныбының жетекшісі

I Орын Омарова Ж 6 «Ә» сыныбының жетекшісі

II Орын Митанова М 8 «А» сыныбының жетекшісі

III Орын Мелдеев Қ, Сүгірбаева М өзара бөлісті.



1-қазан күні мектебімізде Қарттарды қамқорлыққа алу күніне орай «Қарттарын қадірлеген- ел ардақты» тақырыбында мерекелік жиын оқушыларды адамгершілікке, қайырымдылыққа, жақсы үлгілі өнегеге, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, ардақты да аяулы ұстаздарын құрметтеуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылып өткізілді. Мерекемізге мектебімізде көп жылдар бойы еңбек етіп зейнеткерлікке шыққан ардагер ұстаздарымызды шақырып, оқушыларға тәрбиелі, өнегелі өсиет әңгімелерін тыңдадық. Мерекелік іс-шараны мектеп директоры Акбердиев Еркінәлі Дүйсенбайұлы ашып, зейнеткерлікке шыққан ардагер ұстаздарымызды «1-қазан Халықаралық қарттар күні» мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің бала көңілдеріңіз әр оқушының жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде деп тілек айтты. Мұғалімнен өнеге білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. Ардагер ұстаздарымыздың атынан сөз алған Нарымбетова Гүлназ апай жүрек жарды ыстық лебізін білдіріп, Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасыларыңызға береке, бірлік қуаныш тілейміз деп құттықтады. Сонымен қатар мерекелік шарада өнер көрсеткен 2 «Ә» сынып оқушысы Алтынбек Алидің орындауындағы «Ана» әні мен сыныптастарының биі, Мұзафар Бектің «Ата-әже» әні, 11 сынып оқушылары Алжан Алина мен Қоблан Аяулымның «Ұстазыма» әні, көркемсөз шеберлерінің оқыған өлеңдері қонақтар мен ұстаздарға ерекше көңіл-күй сыйлады.



2- қазан күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Ұстаздың тарихи танымдығын, педагогикалық–психологиялық сауаттылығын, шығармашылық талантын анықтау. Тәрбие жүйесінде ұстаздардың жаңа технологиялардың дамуы кезеңінде болашақ ұрпақтың тәрбиесі мен білім алуына ерекше көңіл бөлу, жаңартылған білімдегі тәжірибесімен өзара бөлісу мақсатында «Өнерлі ұстаз – 2024» байқауы өтті. Байқауға 11 үміткер қатысты.

Байқау төмендегі шарттар бойынша жүргізілді.

1. Өзін-өзі таныстыру; (Қатысушылар өздерін таныстырып, көшбасшылық қасиеттерін, кәсіби біліктіліктерін, шығармашылық шеберліктері мен белсенділіктерін әр қырынан жан-жақты көрсете білу) 2-3 минут.

2. Үміткерлер көрме мен шығармашылық партфолиосын қорғады.

3. «Менің педагогикалық қызметім» атты кезеңде сайыскерлер кәсіби шеберліктерін (ашық сабақ, панорамалық сабақ элементтері, видеотүсірілім арқылы) көрсетіп, мамандықтарын мейлінше қорғайды.

4. Өз өнері кезеңі . Өнер сайысы. (ән,би,күй шығармашылығы)

Барлық ұстаздарымыз белсенділікпен қатысты, әділқазылар алқасының шешімі бойынша көкем еңбек пәні мұғалімі Тұрсынбаев Еділ Қахарұлы Бас жүлдені қанжығасына байласа,

I Орын Д.Қаныбекова

II Орын А. Исмаилова

III Орын Д.Оспанова мен Н. Нұрсейтова өзара бөлісті.



4-қазан күні Ұстаздың адам өмірінде алатын орны зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын ұғынып, еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу мақсатында «Ұстазым менің, ұстазым» атты тақырыпта мерекелік іс-шара ұйымдастырылып өтті.

Мерекелік шараның бастауы ұстаздарымызды, құрмет-қошаметпен 11-сынып оқушыларының қарсы алуымен, сынып жетекшілері А.Сайманова мен Қ.Мелдеевтің ұйымдастыруымен ерекше басталғаны ұстаздарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, өскелең ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде шығармашылық табыс тілейміз. Концерттік бағдарламаның тізгінін бітіруші түлектеріміз Алмеш Жансая мен Досмұхаммед Мәди қолға алып, керемет жүргізіп шықты. Өнерлі жас ұстаздарымыз бен оқушыларымыз әннен шашу шашып, би-билеп ұстаздарға ерекше көңіл-күй сыйлады. Ұлағатты ұстаздар! Сіздердің шәкіттерді тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатудағы еңбектеріңіз жана берсін!



Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 16-қазан Алтын күздің сәтті күнінде күзгі табиғат сұлулығын сезіне білу, ауыл диханының тынымсыз еңбегінің жемісін дәріптеу, күз-береке, мереке айы екендігін ұғындыру, ой-өрісін кеңейту, ұйымшылдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында 8-10 сынып оқушылары арасында «**Күз Ханзадасы мен Ханшайымы-2024**» байқауы ұйымдастырылды. Барлық сынып оқушылары сахнада әртістікпен ерекшеленетін шығармашылық нөмірлерді ұсынуда үлкен жауапкершілік танытып, қабілеттерін көрсете білді.

Нәтижесінде жүзден жүйрік озған Бас жүлдені 8 «Ә» сынып оқушылары Мұсақызы Айкөркем мен Бектас Нұрқанат иеленді.

I Орын 9 «А» сынып оқушылары Құрманәлі Дияна мен Аман Жандос иеленді.

II Орын 8 «А» сынып оқушылары Орман Ақниет пен Жарқынбек Абай 10 «Ә» сынып оқушылары Аманолла Мадина мен Бақыткелді Бақдәулет өзара бөлісті.

III Орын 10 «А» сынып оқушылары Абитхан Ұлдана мен Байыптанов Бексұлтан 9 «В» сынып оқушылары Осипова Анастасия мен Кирсанов Анатолий жинаған ұпайлары тең түсіп, өзара бөлісті.

Барлық оқушылар Алғыс марапаттармен, сыйлықтармен марапатталды.



23-қазан күні мектебімізде «25 қазан Республика күні» меркесіне орай оқушыларды өз Отанын сүйе, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар қалыптастыру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге тарихын білуге тәрбиелеу мақсатында **«Республикам мақтанышым»** атты салтанатты жиын ұйымдастырылып өтті. Салтанатты жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттін туын кіргізіп, әнұранын орындалуымен басталды. Маңызды шараны директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А.Байқоңырова ашып, айтулы мерекенің маңызына тоқталып, оқушыларды ұлт жанды патриот болып өсіп, терең білімді игеріп еліміздің экономикасын өркендетуге өз үлестерін қосатын азамат болуға шақырды.

Үздік оқушыларымызды еліміздің нағыз патриоты, еңбекқор білімге құштар, қайсар етіп тәрбиелеуде Бірыңғай **«Жас ұлан»** балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылданды, оқушылар Ант айтып, **«Жас ұлан»** әнін орындады. Мұғалімдер мен қонақтар ұйымға қабылданған оқушыларға төсбелгі тақты.

Мектеп оқушыларының орындауында патриоттық әндер айтылып, ұлттық билер орындалды. Салтанатты жиынға ұстаздар мен мектеп оқушылары қатысып, іс-шараның жоғары деңгейде өткізілуіне өз үлестерін қосты.



Мектебімізде Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында **«Қауіпсіз балалық шақ»** тақырыбында өткізілетін Республикалық ақпараттық науқанның іс-шара жоспарына сәйкес 22-қараша күні Зорлық -зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса педагог-психологтарға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы түсіндіру. Зорлық -зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру.

Оқушыларымызды жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстатып, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау мақсатында 9- сынып оқушылары арасында **«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»**атты дөңгелек үстел өткізілді.

Білім алушыларға зорлық-зомбылық түрлері, буллинг пен кибербуллинг туралы қосымша ақпараттар беріліп, білімдері толықтырылды. Дөңгелек үстел барысында білім алушылар өз ойларымен бөлісіп, плстер қорғап, көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауап алып, пікір алмасты.



11-желтоқсан күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай **«Туған жер алтын бесігім-Шардара»** атты патриоттық әндерді орындау бойынша концерттік бағдарлама ұйымдастырылып өтті.

Мақсаты оқушыларға патриоттық тәрбие беру, елін, жерін, Отанын сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу. Патриоттық әндерді орындау шеберлігін арттыру.

Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке деп білеміз, себебі, осынау жүрекжарды қуанышқа толы күнді ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап, күтумен өтті.



«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай оқушыларға патриоттық тәрбие беру, өз елін, жерін, Отанын сүюге, қадірлеуге тәрбиелеу мақсатында 13.12.2024ж күні **«Тәуелсіз елдің ұландары»** атты салтанатты жиын ұйымдастырылып өтті.

Үздік оқушыларымызды еліміздің нағыз патриоты, еңбекқор, білімге құштар, қайсар етіп тәрбиелеуде бірыңғай **«Жас ұлан»** мен **«Жас қыран»** балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсімі болды. Салтанатты жиынды мектеп директоры Е.Д.Ақбердиев ашып, Ұлттық қасиетіміз бен Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, Ұлттық намысымызды оятқан, әлемге қазақты азаттық сүйгіш, рухы биік, намысы берік халық ретінде жариялаған Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Байқоңырова Айгүл Ахметқызы оқушыларға деген тілек сөздерімен жалғасын тауып, іс-шараларға белсенді қатысқан оқушыларды марапаттады. Іс-шара барысында дарынды оқушыларымыз **«Көк тудың желбірегені»** әнін Ержігіт Раяна, **«Тәуелсіз ел ұраны»** атты әнін Маратұлы Мадияр нақышына келтіре орындады.

Мектеп оқушыларының орындауында патриоттық әндер айтылып, өлеңдер оқылып, би билеп, көрініс көрсетілді.

Салтанатты жиын жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылып өткізілді.



Мектебімізде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен, жастар ресурстық орталық мамандарымен, медицина қызметкерлерімен бірге құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында **«Тәртіпсіздікке, буллингке жол жоқ»** тақырыбында пікіралмасу, кездесулер және аудандық теолог мамандарымен **«Діни жат ағымдар, экстремизм, терроризмге қарсымыз»** тақырыбында кездесулер өткізілді.



20-желтоқсан күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жігіттерді батырлыққа, шешендікке, тапқырлыққа, имандылыққа тәрбиелеу, сегіз қырлы бір сырлы демекші жігіттерді жан-жақты баулу мақсатында **«Жігіт сұлтаны-2024»** байқауы ұйымдастырылып өткізілді.

Байқауға қатысушылар жоғарғы деңгейде дайындалып, өнерлерін көрсете білді. Байқау төмендегі шарттар бойынша өтті.

1. «Таныстырсам өзімді» - таныстыру
2. «Сегіз қырлы бір сырлы»- өз өнерін көрсетті
3. Сұрақтарға жауап берді (салт - дәстүрге байланысты)
4. «Шебердің қолы ортақ»- қолөнер бұйымдарын жасай алуын қорғап берді.
5. «Күш атасын танымас» 16 кг кір тасын көтеріп жарысты.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Байқоңырова Айгүл Ахметқызы
Директордың бейіндік жұмысы жөніндегі орынбасары- Бердібекова Гаухар Тоқсанбайқызы

Мектеп психологы Қалиева Ләйлә апайларымыз төрелік жасады.

Әділ қазылар алқасының шешімі бойынша

Бас жүлде Жиенбекұлы Нұрасыл иеленді

I Орын Өсер Мейіржан иеленді

II Орын Литанат Нұрдәулет иеленді

III Орын Сәрсен Ерасыл мен Наушабек Азамат өзара бөлісті.



7-ақпан күні ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді насихаттау, жасөспірімдердің Отанға, елге деген патриоттық сезімін арттыру, талантты, өнерлі балалар мен жасөспірімдерді анықтау, сахнада жеткіншектердің талабын қолдап, талантын ашу. Өнерпаз шәкірттерді баулыған ұстаздарға қолдау көрсету мақсатында, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында **«Біздің бірлігіміз-болашақтың білімінде!»** тақырыбында дәстүрлі өнер фестивалі болып өтті. Фестивальге аудандық оқушылар үйінің директоры С.Жиенбаева, аудандық балалар саз мектебінің директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Умирбекова, аудандық оқушылар үйінің қосымша білім беру педогогы А.Абдраманова бастаған әділ қазылар алқасы төрелік етті.

Фестиваль тақырыпқа сай барлық жанр бойынша (хор, көркемсөз оқу, ән, би, күй, көрініс т.б) жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылып өтті. Әділ қазылар алқасының төрайымы С.Зәбиқызы барлық жанр тақырыпқа сай ерекше әндер қамтылғанын жоғарғы дәреже ұйымдастырылғанын айтып, оқушылардың өнерлеріне шығармашылық табыстар тіледі. Бағдарламаның тізгінін бітіруші түлектеріміз Алмеш Жансая мен Досмұхаммед Мәди қолға алып, керемет жүргізіп шықты. Талантты оқушыларымыз әннен шашу шашып, би-билеп ерекше көңіл-күй сыйлады.

Ұлағатты ұстаздар! Сіздердің шәкіттерді тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатудағы еңбектеріңіз жана берсін! Қолдау білдіріп отырған ата-аналарымызға алғысымызды білдіреміз!



19-наурыз күні мектебізде 1-11 сынып оқушылары арасында қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, наурыз мерекесінің мәнін түсіндіру мақсатында «Армысың, Әз-Наурыз!» атты концерттік бағдарлама жоғарғы деңгейде ұйымдастырылып өткізілді.

Мерекені мектеп директоры Н. Сариев ашып, арайлап жеткен Әз-Наурыз мейрамында ақ мол болып, жылымыз ырысты болсын. Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, бейбітшілік пен келісімнің арқауы болған Ұлыстың Ұлы күні жанұяларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін! –деп мерекемен құттықтап, мұғалімдерді марапаттады.

Ата-аналар кеңесінің төрағасы О.Назарбеков мерекемен құттықтап жылы лебізін білдірді.

Іс-шараға ата-аналар белсенді атсалысты. Мерекелік шара барысында қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық құндылықтары насихатталып, «Көктемкелу», «Тұсау кесер», «Бесікке салу», «Сырға салу», «Тіл ашар», «Байғазы беру», «сәбиді қырқынан шығару», дәстүрлерін көрсетті, өнерлі оқушылар нақышына келтіре ән салып би-билеп, өлеңдер оқып көрермендерді тәнті етті.

Іс-шараға қатысқан барша ұжым, қонақтар, оқушылардың өнеріне риза болды.

Дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен мектеп алаңында ұлттық ойындарды тамашалаумен жалғасын тапты.



29-сәуір күні «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында оқушыларға көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту, әр халықтың өнері, оның рухани байлығының негізін баланың жүрегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, әрбір ұлттың мәдениетін, дәстүрін бағалай білуге тәрбиелеу мақсатында «Қазақстан біздің ортақ шаңырағымыз» атты салтанатты жиын ұйымдастырылып өткізілді.

Қазақстан халқының бірлігі күні – Қазақстанда жыл сайын 1 мамырда аталып өтілетін мемлекеттік мереке. Бұл күн түрлі ұлттар мен ұлыстардың өкілдері бейбітшілік пен ынтымақтастықта өмір сүріп жатқанын білдіретін маңызды мейрам.

Іс-шара барысында үздік оқушыларымызды еліміздің нағыз патриоты, еңбекқор білімге құштар, қайсар етіп тәрбиелеуде Бірыңғай «Жас ұлан» мен «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсімі болды. Іс-шара барысында дарынды оқушыларымыз ән салып, өлеңдер оқып, би билеп жақсы көңіл күй сыйлады.

Салтанатты жиын жоғарғы дәрежеде ұйымдастырылып өткізілді.



6-мамыр күні «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында 9-мамыр Ұлы жеңістің 80 жылдығы, 7-мамыр Отан қорғаушылар күні қарсаңында оқушыларды өз Отанын, елін, жерін сүйге, қаһарлы күндердегі халқымыздың үлгі тұтарлық қасиетін мақтан ете отырып, тәуелсіз еліміздің туын биікке көтеруге, Қазақ елінің майданда және тылда көрсеткен ерен ерлігін құрметтеп, жас ұрпақты елжандылыққа, Отанын қорғай білуге тәрбиелеу мақсатында

«Ер есімі – ел есінде» атты салтанатты жиын ұйымдастырылып өткізілді. Салтанатты жиынды мектеп директоры Н.Сариев ашып, Отан үшін от кешкен ағалардың ерлік істеріне сәт сайын тағзым жасап, есімдері жадымызда жаңғыртып тұру азаматтық парыз екенін айтып, ардагерлерге мықты денсаулық тіледі. Соғыстың қасіретінен қаза болған батырларымызды бір минут үнсіздікпен еске алды. Іс-шараға Ауған соғысы ардагері, отставкадағы майор Қ.Сәтбаев ағамыз қатысып, оқушылардың көкейде жүрген сұрақтарына жауап берді, жастарға әскери борышты өтеудің маңыздылығы жайында өскелең ұрпаққа ақыл-кеңесін айтып, болашақ ұрпаққа бейбіт өмірмен, жарқын болашақ тілеп, ақ батасын берді. Іс-шара барысында дарынды оқушыларымыз ардагерлерге арнап патриоттық өлеңдер оқып, әндер айтып, би билеп жақсы көңіл күй сыйлады. Атап айтар болсақ 6-сынып оқушысы Е.Раушанбек «Мен Мәншүкпін» атты монологты нақышына келтіре орындаса, Б. Асқар «Жеңіс туы желбіресін мәңгілік» әнімен іс-шараны қорытындылады.



Шардара аудандық білім бөлімінің №244 санды хатына сәйкес, Б.Соқпақбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2024-2025 оқу жылының аяқталуына орай 23 мамыр күні 11-сынып мектеп бітіруші түлектеріне арналған **«Мектебім, саған мың алғыс!»** атты салтанатты жиын өткізілді.

Іс-шараға Аудан әкімінің орынбасары Төребеков Бейсенбай Тасболатұлы, аудандық білім бөлімінің әдіскері Акенчист Юлия Николаевна, ата-аналар комитетінің төрағасы О.Назарбеков, ардагер ұстаздар Ә.Зүлей, Н.Тілеуберді, З.Кәрібаева, Ж.Нұрымбетова, И.Шералиева, З.Жұмадилова қатысты.

Мерекелік кеш түлектердің ата-аналарымен және сынып жетекшілерімен бірге әсем әнмен ортаға шығуымен басталды. ҚР Мемлекеттік Туы енгізіліп, Әнұран шырқалды.

Мектеп директоры Н.Сариев салтанатты жиынды ашып, түлектерге ақ жол тілеп, еліміздің болашағы олардың қолында екенін ерекше атап өтті. Аудан әкімінің орынбасары Б.Төребеков түлектерге сенім білдіре отырып, оларға үміт артып, ел дамуына үлес қосар азамат болуына тілектестігін білдірді. Ұстаздардың еңбегі еленіп, аудан әкімінің және білім бөлімінің «Алғыс хаттарымен» марапатталды. Аудандық ішкі істер бөлімінің полиция аға лейтенанты Ш.Тасымбек пен мектеп инспекторы Н.Тұрлыбеков бітірушілерге қауіпсіздік шараларын түсіндіріп, отырыстар мен рұқсатсыз шерулерге, таулы аймақтарға серуендеуге тыйым салынатынын ескертті.



2024-2025 оқу жылын сәтті аяқтады